

Ө. ӘБДИМАНҰЛЫ

## ҰЛТ АЗАТТЫҒЫН ҰЛЫҚТАҒАН АҚЫН

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы күрделі қоғамдық-өлеуметтік жағдайды өз шығармаларында айқын көрсетіп, ұлтқа қажетті ойды ашық айта алған сөз шеберінің бірегейі — Міржақып Дулатов. Ол — тек әдеби шығармашылықпен ғана айналысып қоймай, қоғамдық өмірдің бар саласында өзіндік із қалдырып, санлақ санаткер, көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер ретінде де танылған тұтас тұлға. Сан қырлы дарын иесінің ел игілігі үшін жасаған ұланғайыр еңбегінің ішінде, әрине, әдеби шығармашылығының орны бөлек-ақ. Ақын әдебиетке «Оян, қазақ!» деп ұрандата келіп, өзінің тұңғыш өлеңдер жинағымен қазақ поэзиясына намысты жанр жалынды жыр, сананы серпілтер отты өлең, азатшыл сарын әкелді.

Міржақып Дулатов — «Оян, қазақ!» атты алғашқы жинағының өзінен-ақ ұстанған мақсаты мен шығармашылық бағыт-бағдарын айқын аңғартқан ақын. Осынау алғашқы кітапқа эпиграф ретінде берілген төрт жол өлеңге қаншалықты мән-мағына сыйып кеткен десеңізші!.. Сол тұстағы қазақ халқын құрсауға алған төрт түрлі кесепат түгел көз алдыңызға тұра қалып, отаршылдықтың торына түскен санаға саңылау ашқандай.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қаранғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хөл харам боп,  
Қазағым, енді жату жарамас-ты [1,24].

Осы төрт жолдан ақынның бүкіл тыныс-тіршілігінің болмысы танылғандай. Елі өлгіндей күйде болғанда, ақын жүрегі қалай тебіренбей тұра алсын. Ұлт санасын өлеңмен «оятуға» ұмтылған ақын негізгі, түйінді мәселелерді нақты айқындап, назар салар тұсты дәл меңзейді. Әлгі төрт кесепаттан туындайтын зар-мұң бүкіл жинақтың өн бойына өзек болуы да сондықтан.

«Оян, қазақтағы» өлеңдерінде ақын, ең алдымен, бодан болудың себеп-салдарына үніліп, ел-жұртын қасіретке жетелеген кесір жолдың кезеңдерін айқындайды. Содан соң барып, ұлт басына үйірілген қауіп бұлтын сейілтудің «дауылды» тәсілдерін меңзеуді мақсат тұтады. Міндет — ең алдымен, ел ағаларына ой түрткі салу. Ұрпақ алдындағы борыш кімге болса да оңай тимесі белгілі. Сондықтан да ақын ой-өрісі өз құлқынын ойлау-

дан әрі аспағандарды қатты сынға алады. Бұндай сөттердегі Міржақыптың өткір де қатты сөздері мірдің оғындай діттеген жерге дәл тиеді.

Қызығып қызарғанға кеткендер көп,  
Шен алып, дәрежеге жеткендей боп.  
Ойлайды өз пайдасын халықты сатып,  
Қазақты еш керексіз еткендей боп.

Шен алып, шекпен кигеніне мөз болғандардың туған халқын сатып, «көсегесін көгертіп» жатқаны ақын жанын қалай өртемесін. Іштен шыққан озбырлар емінуі сыртқы жаудан асып түсері бесенеден белгілі. Ақынның оларға қатты шүйлігуі де сондықтан. Батыра айтып, көзге шүку өз жұртын жек көруден туған сезім емес, ел қамын жеген ақынның ащы сөзбен батыра айтып, жаман қылықтан жирендіріп, жақсы мінезге бейімдеуді ойлаған амал-қаракеті.

Тәуелсіздік күресіндегі Міржақыптың басты сүйенер тірегі — өзі тектес, ойы үндес зиялы қауым. Ол Әлихандай, Ахметтей ел тұлғасына айналған ағалары нұсқаған «ақ жолға» сенім артып, үнемі үміт шырағын жағып отырады. Ақынның ел ағаларына деген ыстық ықыласы мен құрметі «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға» атты өлеңінен көрініс тапқан:

Жау жүрек, қыран көзді арыстаным,  
Жан қиып, халқың үшін қарысқаның.  
Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа,  
Бәйгеге ұлы дүбір жарысқаның.

Жұрт қамын жеке бас мүддесінен жоғары қоя білген азаматтардың көшбасшылық көсемдігін асқақтатудағы ақын мақсаты — кейінгіге ісі үлгі ұлт жақсыларының халыққа еткен еңбегінің ертеңгі жемісіне сендіру. Мақсат бір, тілек ортақ болғандықтан ақын олар атқарар ұлы міндеттердің ілкі бастауларына үнемі сәттілік пен жеңіс тілейді.

Шешен тіл парасаттың саясында,  
Ететін талмай қызмет, данышпаным,  
Атқан оқ, сермеген қол қата кетпей,  
Түскейді табаныңа бар дұшпаның.

Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» мен өзге жинақтарындағы өлеңдерінің ағысы бір тұмадан бастау алып, құйылысы бір арнада тоғысып жатады. Өйткені оның бүкіл шығармашылық өрісі азаттық идея, ұлт-азатшыл күреспен біте қайнасып кеткен.



Ақын өлеңдеріндегі саяси үн өзге мәселеден басымдау түсіп, ерекшеленіп тұратыны шындық. Әрине, бұған қарап Міржақып поэзиясы ағартушылық міндеттерден, әлеуметтік ой-жүйеден алшақтап, тек саяси үгіт жетегінде кетіп қалды деуге мүлде болмайды. Оның шығармаларындағы өнер-білімге үндеу, әлеуметтік теңсіздік мәселелерін жырлау саяси көзқараспен жымдаса келіп шешімін тапқан. Ақынның шығармашылық жасампаздығының ерекшелігі де осында деп білеміз.

Кезінде “Оян, қазақ!” орыс әкімшілігінің аса қатты шүйлігуінің сыры – Міржақып өлеңдерінен отаршыл саясатты батыл сынаудың көрініс тауып, бодандыққа қарсы тұруға үндеген үгіттің ашық түрде айтылуында болатын. Ақын бұл бағытынан еш айныған емес. Ол азаттық күресті өз туындыларына өзекті тақырып ете білді.

Міржақып поэзиясындағы азаматтық сарын ақындық шеберлікпен ұштаса келіп, оқырманды лезде ұйытар ойлы да нәрлі сөзге айналып, көңіл түкпіріне құйылып түсіп жатады. Сөйтіп жинақтағы өлеңдер бір-бірімен сабақтаса келіп, бөлінбес біртұтас бүгін дүниеге айналып сала береді. Бұның өзі оның өлеңдеріндегі тақырып аясының бірлігін танытса керек-ті.

Жалпы алғанда, ұлтының азаттығын аңсаған азамат ақынның “Оян, қазақ!” атты жинағы, негізінен, саяси-әлеуметтік тақырыпқа арналған. Өлеңдерінің басым көпшілігі – патша өкіметінің отаршылдық, озбырлық саясатын әшкерелеуге бағытталған саяси лирика.

Міржақып – өзі де ұлт бостандығы үшін қызмет етудің үлгісін танытқан, ұлт-азаттығына бар саналы ғұмырын арнаған, осы бағытта талай тағдыр талқысына түсіп, соның бәрін туған елі үшін мойымай көтерген, замана талабына сай поэзиясына ұлт тағдырын арқау еткен азамат ақын.

“Оян, қазақ!” қазақ халқы үшін қаншалықты бағалы болғандығына “Қазақ” газетіндегі Міржақып берген хабар дәлел. Патша жандармешының тіміскілеуіне, 1916 жылғы маусымнан кейінгі жазалау мен аласапыран күйзеліске қарамастан, бұл кітапты елдің көзі ашық азаматтары көзінің қарашығындай сақтаған. Өлгі хабарламада фельдшер Жұмағали Тілеулиннің үйінен “Оян, қазақ” кітабының 1 мың данасының сақталғаны, іздеушілерген сатып алуға болатындығы айтылған [2].

Әрине, “Оян, қазақ!” – Міржақыптың ақындықтағы алғашқы қадамы. Сондықтан онда өлең өрнегінің олқы соғып, тілдік қолданыс кемшіндігі көзге ұрар сәттер кездесіп қалатыны рас. Өз кезінде бұл туралы С. Торайғыров кейінгі “Аза-

матты” қоса отыра “Айқапта” басылған “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан” [3] атты сыни мақаласында біраз пікір білдірген болатын. Өлеңдерінде тіл шұбарлығына жол беріп алғандығын Міржақыптың өзі де мойындайды. Ол “Қазақ” газетінде жарияланған “Тіл құралы” атты мақаласында: “...Ноғай газеті, кітаптарында көп ұшырасатын араб, фарсыны шын әдеби тіл осы екен деп аңғармадым.

1908 жылы (О. Қ.)- ды жазып жүргенімде өлгі “Әдеби тілдерді” неғұрлым көбірек кіргізу жағын ескерусіз қалдырмадым. Сол жылдарда Абай кітабы һәм “Қырық мысалды” көргенімде өзімнен өзім ұялдым. Өзімнің һәм өзім секілділердің адасып жүргенін сонда білдім” [4], – деп жазады.

Осындай кейбір кемшіліктеріне қарамастан, “Оян, қазақ!” азаттықты ту көтерген заманалық сарынымен ХХ ғасыр басындағы әдебиетте өз орнын ойып алар өрелі туынды болып табылады.

Міржақыптың екінші өлеңдер жинағы «Азамат» деген атпен 1913 жылы Орынборда басылып шықты. Бұл кітаптың сыртқы бетінде ақынның:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.  
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,  
Пайдалан шаруаңа жараса, алаш! –

деген бір шумақ өлеңі басылған. Бұл – бүкіл ғұмырын туған елінің азаттығына арнаған азамат ақынның жан сыры.

Ақынның «Азамат» жинағындағы жырлары езілген елінің мұңлы күйін суреттеп, еркіндікті көксеген халқының кекті намысын қайрауға, көңіл түкпірінде бұғып жатқан отты арманның шоғын үрлеуге арналған. Бұл жинақтан ел теңдігін өзек еткен өршіл өлеңдердің ғана орын алғаны шындық.

Міржақып – ел жайы десе елең етіп, халқының азаттығы жолындағы күреске басын байлаған ақын.

Аяусыз жаным, мен құрбан лағын,  
Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.  
Болайын сүйінші: жұлдызы жанып бақыттың,  
Сені көркейді деп естісе құлағым, –

дейді ол «Арманым» атты өлеңінде.

Ақынның үшінші жинағы «Терме» 1915 жылы Орынборда жарық көреді. Екі кітапта ортақ тақырыптық байланыс болғандықтан, біз оларды қатар ала отырып қарастыруды жөн көрдік. Бұл жинақтардан ақындық шеберлігі жетілген, өлең өнерін мейлінше меңгерген, ой айтудың астарлы сырын ұстанған ақынды танимыз.



Жаңа жинақтарда да «Оян, қазақтағы» өршіл сарын сақталғанмен, ақынның нәзік жанын, сыршыл сезімін ашар лирикалық сипаттың бой көрсетуі де көзге түседі. Кеше ғана «оян, халқым» деп, адуынды келетін «ащы айқай» ақыны жүректі тербер жыр жазып, өз оқырманын лирикасының терең тұңғығына жетелеп, көркемдік сырына қанықтыра түседі. Осынау жинақтардағы өлең өрнегінен тың теңеулерді, бейнелі образдарды, сыршыл суреткерлікті байқаймыз. Дегенмен, Міржақып өзі ұстанған бағытына берік, қатты сынды қаймықпай, батыл айту — ақын поэзиясының алтын қазығы.

Ақылын жанашырдың алмаушы едің,  
Сөзіне сірә құлақ салмаушы едің.  
Қымызға шекең қызып, етке тойсаң,  
Пайдасыз құрғақ дауға талмаушы едің.  
Жаз жимай қыс азығын жатушы едің,  
Арзанға қымбатыңды сатушы едің.  
Ермекпен табар пайдаң болмаған соң,  
Борышқа шаш-етектен батушы едің.

Жинақтағы осы сияқты қатқыл үнді, катал сындар кейде сырлы да мұңлы, сезімге толы лирикалық өлеңдермен алмасып отырады.

«Термеге» жазған алғы сөзінде Міржақып: «Бұл өлеңдер мұнан алты-жеті жыл бұрын қазақта газет, қағаз, журнал жоқ кезде жазылған еді. Сондықтан көбінесе оқып жүрген жастарға арналып, оларды ояту, білім-ғылымға шақыру, халықты надандықтан құтқаруға үндеп сол сол рухта жазылған. Бұрынғы күйінен артық өзгертпедім», — дейді.

Өз шығармашылығын мақтауды аса ұната қоймайтын, өзін «ойпаңға өскен аласаға» теңей беретін ақын алғашқы балаң жырларымен-ақ ел құрметіне бөленген-ді, ендеше уақыт тезінен өткен өлеңдерді көдесіне жаратуды қалауы көңілге қонымды-ақ.

Ақылы көміл жігіттер,  
Заманның көз сал малына.  
Халқыңның ойлап пайдасын,  
Өзін үшін налыма.

Немесе,

Жүгенсіз өскен бас асау,  
Айтқанға қайтіп көнеді.  
Көңіл батыр, тіл қорқақ,  
Айтатын сөзім көп еді, —

деген жолдар кедір-бұдырсыз, мінсіз тізілген шырайлы шумақтар емес пе?! Көкірегін жарып шыққан асыл сөздерін бір кезде жазылып еді деп, ақын күресінге қалай лақтырып тастасын.

«Азамат» пен «Термеге» енген өлеңдерінің

кейбірі алғаш «Қазақ» газетінде жариялағанын еске алсақ, Міржақыптың жоғарғы сөздері шындық. Міржақыптың «Қиял», «Шәкірт», «Сағыну», «Елім-ай», «Потанинге», «Алашқа», «Қайда едің» т.б. өлең-жырлары алғаш «Қазақта» жарияланып, қалың елге сол арқылы тарады. Ол уақытпен үндесе жазылған өлеңдеріне кейін аса көп түзету енгізбеген.

Әдебиет әлеміне Ахметке ілесе келген Міржақып туған халқының адал ұлы, өткір тілді ақыны болды. Сондықтан да оның өлең-жырлары тек шындықты жырлаған шыншылдығымен жұрт жүрегіне жол тауып, өзекті тақырыптарды қозғаған өзіндік көзқарас, өрен жүйрік ойларымен елді еркіндік қиырларына ұмтылдырды.

Қос жинаққа енген Міржақып өлеңдерінің тақырып ауқымы өте кең. Жоғарыда атап өткеніміздей, «Қиял», «Сағыну» тәрізді өлеңдері ақынның ішкі сезім күйіне құрылса, «Жұт» қазақ жұртының ауыр тағдырын арқау етіп, тіршілік-тұрмыс шындығын бейнелейді. Соңғы өлеңде ақын доңыз жылғы қыстан «Сан байлар жүген ұстап» қалған қиындықты айта келіп, елді еңбекке, қам-қарекет қылуға шақырады. Сол ауыр жылғы жұтты құр суреттеп ғана қоймай, оның себеп-салдарына үңіліп, сырын ашуға тырысады.

Жаз туса, бейқам едің қыс жетпестей,  
Қызық түн бастан, сірә, һеш өтпестей,  
«Жаратқан құдай артық халықпыз» деп,  
Қолыңнан төрт түлік мал бір кетпестей, —

деп, жұт қиындығын табиғаттың дүлей күшімен бірге «Сақтанбай, салақ өскен жалқау жұрттың» бейқамдығынан көреді. Сөйтіп, көсіпсіз жұрттың күн көруінің ауыр екенін ескертіп, оқырманға замана тұрқының өзгермелілігін аңғартады. Әрине, Міржақып жырларының өз кезінде насихаттық қызмет атқарғанын жоққа шығара алмаймыз. Ақын өмір сүрген дәуір қисыны осыны қажет еткенді.

М. Дулатовтың «Елім-ай», «Алашқа» атты зар заманның мұңына толы өлеңдері — ұлтының тағдырын ойлап теңселген ақынның азаматтық жан айқайы. Міржақып «Елім-айы» бұрынғы «Елім-ай» сарыны емес, сыртқы зымысқы жау мен ішкі озбырлардың өрекетінен азып-тозған, ата-мекен жерінен, сеніміне серік еткен дінінен, ел тірегі бірлігінен, жан дүние тіні ішкі ділінен айырылып, боз далада тоз-тоз болып боздаған елдің ащы зары. Әйтседе, өлеңдегі бойға у боп тараған дәмі кермек сөздердің астарында зор үміт, мол сенім бар. Қамқор ақын қамсыз-күйсіз ел үшін қанша күйініп, уытты сөзбен түйресе де сол елден шық-



қан өзіне, өзі секілді ел азаматтарына сенім артады. Сондықтан да ақын халқының отаршылдық тозағына күйіп тұрған уақыттағы күйзелген күйіне қабырғасы қайыса отырып, ертеңгі күнге үмітпен қарап, келешектің кемелдігіне шек келтірмейді:

Сол күнін көрсем — менің арманым,  
Жоқтамас ем, өзге тілек қалғанын.

Ақынның «Алашқа» атты өлеңі — сұрай-арнау үлгісімен жазылған ұзақ толғау. 1916 жылдың дүрбелеңіне енді аяқ басқалы тұрған халықтың ішкі арпалысын, шарасынан асқан ашу-ызаның екпінін аңғарған ақын іштей толқып, сан тарау сұраққа жауап іздейді. «Көк майса, жерің қайдан» басталатын көп сұраққа ақын былай деп жауап қайтарады:

Қой бағып, қасқыр қашан опа қылған?  
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.  
Қайраған қолдан келмес, іске өуре боп,  
Қорлықа, тілімді алсаң, болма кездес!

Ақын бүгінде бұрынғы күнінен, өткен жолынан жаңылған жұртының қиын жағдайына жаны күйзеле отыра, оның арандап қалмауын тілейді. Ақынның бұл қаупі алдын болжаған көрегендікке ұласты. 1916 жылы жалаңдаған жазалаушы отряд ақ-қарасын айырып жатпастан, халықты қылышымен турап, қазақты қанға бөктірді.

Міржақып өлеңдері замана түрлеуіне орай, белгілі бір мақсат-мәнге ие болып отырады. Бұның бір мысалы — 1917 жылы ақ-қызыл боп айқасып, замана мың құбылған аумалы-төкпелі кезеңде, қазақ тізгінін кім ұстарын білмей дағдарған тұста, көктен түскендей көп көсем пайда болған уақытта жазылған «Қайда едің?». Кешегі елі үшін еңбек етіп, етігімен су кешкен ерлерді бұлаңдаған түлкі заман шетке қағып, жік-жікке бөлініп адасқан жұртты бір тозақтан екіншіге итермелеген ендігі «камқорлардың» шын бет пердесін ашуға үміт қылған өлең еді бұл.

Кешегі қара күндерде,  
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,  
Жол табылмай сенделіп,  
Адасып алаш жүргенде,  
Бұл күнгі көп көсемдер  
Сұраймын сонда қайда едің?

Жеті шумақтан тұратын бұл өлеңдегі әр шумақ соңынан қайталанып отыратын сұрақтардың мәні

тереңде. Олардың жауабы қазақ тарихының белді-белді кезеңдерін қамтиды. Ел басына күн туған кезде елінен екі елі ажырамай, көретінін бірге көріп, қапастан шығар жол іздеп шарқ ұрған өз тобы бүгінде жалалы болып, аласталып жатса, жазықсыз жаланы көре тұрып, ақында ашынбасқа шара бар ма?!

Енді бүгін кім жаман?  
Данышпан емес, кім надан?  
Қамқор емес, кім жауыз?  
Жомарт емес, кім сараң?  
Көсем емес, кім жалтаң?  
Шешен емес жоқ адам,  
Бәрі білгіш, бәрі де ер,  
Жеткіздің алла тағалам.

Ақын өлеңі — адамдар арасындағы жай бақастықты, өзара айтысты арқау етпеген, саяси астары кең, әлеуметтік мағынасы терең дүние. Міржақып сөзін арнаған «көсемдердің», «шешендердің», «данышпандардың» кімдер екенін оның кейінгі бір тұста жазылған мақаласынан тани аламыз. «Сарыарқа» газетінде «Мадияр» бүркеншік есімімен жарияланған «Кім қас, кім дос» атты мақалада: «Кешегі қаралы патша заманында бірі шоқынып миссионер болып, бірі елді алдап, жол тосып, жолаушы тонап соғылғандар» (1918, №31) деп, оларды бір сөт бас-басына атап өтеді.

Жалпы алғанда, Міржақып поэзиясы қазақ әдебиетінде алғаш болып азатшыл сарынды алып келумен, өршіл үнді азаматтық пафосымен ерекшеленеді. Оның өлеңдері жадағай ақылгөйлік, мағынасыз үгіт, күнделікті тірлік күйбеңін жырлаудан аулақ. Әр өлеңі халқының бостандық пен теңдікке жетер бағытын айқындап, әр сөзі оқырман жүрегіне жол тауып жатуы осының нақты айғағы. Сондықтан да ХХ ғасыр әдебиетінің көшбасшысы Міржақып Дулатов — өлеңдері елін тәуелсіздік жолындағы күреске ұмтылдырған өршіл сарынымен жұртының есінде мәңгілік қалар, ұлт азаттығын ұлықтаған ұлы ақын деп білеміз.

## ӘДЕБИЕТ

1. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. Алматы: Мектеп, 2002. 1-т. 368-б.
2. Тілеулин Ж. «Оян, қазақ!» // «Қазақ». 1917. №247.
3. Торайғыров С. Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан // «Айқап», 1913. №19, 22, 23.
4. Дулатов М. Тіл құралы // «Қазақ». 1915. №112.